



4 Сыр сөзінің сандығы

6 Ғасырға бір қадам



29 маусым, сенбі 2024 жыл

Сыр бойы

№99-100 (20773-20774)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ



«ҰЛТ БАСПАСӨЗІ МЕН ҰЛТ МҮДДЕСІ ӨЗЕКТЕС»

28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері күніне орай Ақордада салтанатты жиын өтті. Оған республикалық ақпарат құралдары ғана емес, өңірлердегі жетекші телеарналардың, газет-журналдардың, ақпараттық ресурстардың өкілдері қатысты.

Қасым-Жомарт Тоқаев БАҚ өкілдерін кәсіби мерекесімен құттықтап, журналистиканың мәртебелі мамандық екенін атап өтті.

– Мемлекет те, журналист те ұлт үшін қызмет етеді, ел тағдырын шешуге атсалысады. Өйткені ұлт баспасөзі мен ұлт мүддесі қай кезде де өзектес болған. Қазір де солай. Біздің мақсат-мұратымыз – ортақ.

Бұл – баршаға тең мүмкіндіктер беретін Әділетті Қазақстанды құру. Мен бүгін медиа саласы мамандарының осы жолдағы қажырлы еңбектері үшін шынайы ризашылығымды білдіремін, – деді Мемлекет басшысы.

Президент елімізде жүргізіліп жатқан қоғамдық-саяси, экономикалық реформаларға арнайы тоқталып, осындай тың бастамаларды жұртшылыққа жан-жақты түсіндіруге журналистер қауымы зор үлес қосып келе жатқанына назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық құрылтайдың Атырауда өткен үшінші отырысында нашақорлық, құмарпаздық, тұрмыстық зорлық-зомбылық, вандализм және ысырапшылық секілді бес әлеуметтік кесел туралы мәселе көтергенін еске салып,

мемлекет тарапынан жүргізіліп жатқан заңнамалық және идеологиялық жұмыстар жөнінде айтты.

Президенттің пікірінше, елімізді түбегейлі жаңғырту үшін заңнамалық өзгерістермен, кадрлық шешімдермен, саяси және экономикалық реформалармен ғана шектелу аздық етеді. Прогрессивті ұлт ретінде қоғамдық және жеке құндылықтар жүйесін жаңарту үшін көп тәуіміз керек.

2-бет

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күнімен құттықтауы

Құрметті журналистер! Бұқаралық ақпарат құралдарының қызметкерлері!

Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын!

Еліміздің бұқаралық ақпарат құралдары қоғам санасын жаңғыртып, ұлт тұтастығын нығайту жолында айрықша рөл атқарады. Баспасөз саласын дамыту, сондай-ақ журналистердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау – мемлекеттің маңызды міндетінің бірі.

Қазақ журналистикасының тағлымды тарихы, аға буын қалыптастырған ерекше қолтанбасы бар. Біз оның бай шежіресі мен ағартушылық дәстүрін барынша сақтауымыз қажет. Бүгінгі ақпарат саласының өкілдері осы сабақтастықты лайықты жалғастырып, өзіне жүктелген жауапты миссияны абыроймен атқарып келеді.

Сіздер қай кезде де халыққа шынайы әрі жедел хабар таратып, кәсіби біліктіліктің озық үлгісін көрсетіп жүрісіздер. Болашақта да елдік мәселелерді көтеріп, ұлттық құндылықтарды насихаттауға белсене атсалыса бересіздер деп сенемін.

Баршанызға бақ-береке, толағай табыс, шығармашылық шабыт тілеймін!

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің күнімен құттықтауы

Құрметті Сыр журналистері мен бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері!

Баршанызды кәсіби мерекелеріңізбен құттықтаймын! Халықтың күнделікті тіршілігі, әлеуметтік әл-ауқаты, руханияты мен қоғам тынысы туралы хабар тарататын қалам иелерінің еңбегі құрметке лайық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Журналистер жұмыс барысында жұртпен етене араласып, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын жүзеге асыруға зор еңбек сіңіруде» деп атап өтті.

Халық пен билік арасына дәнекер болуда, қоғамдағы тұрақтылықты сақтауда БАҚ өкілдері атқаратын міндет ауқымды зор. Сіздер жазған әрбір мақалада, дайындаған сюжетте елдің ойы мен пікірі, талабы мен тілегі айқын көрініс тауып келеді.

Қалың бұқара көтерген мәселелерді жан-жақты зерттей, тереңнен талдай білетін, нақты ақпаратқа ғана сүйенетін журналистер мен жергілікті биліктің бірлікте, ынтымақтастықта жұмыс атқаруы көп түйткілдің шешілуіне жол ашады.

Өңірімізде жүзеге асырылған ауқымды жобаларды, ел мүддесіне бағытталған игі істерді ақпараттандырып, жақсылықтың жаршысы болған аймақ журналистеріне ризашылығымды білдіремін.

Бірлік бар жерде берекелі тірлік болатыны белгілі. Алдағы уақытта да әрбір іске қолдау көрсетіп, аймағымыздың өркендеуі жолында тындырымды тірлік атқара берулеріңізге тілектеспін.

Сіздерге мықты денсаулық, бақ-береке, шығармашылық шабыт пен толайым табыс тілеймін!

/// САПАР

ҮКІМЕТ БАСШЫСЫНЫҢ СЫР ӨҢІРІНЕ САПАРЫ

БАЙҚОҢЫР ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ БАСЫМ БӨЛІГІ – ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР

Қазақстан Премьер-министрі Олжас Бектенов Қызылорда облысына жұмыс сапары барысында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевпен бірге «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешеніне барды, сондай-ақ Байқоңыр қаласының даму жоспарымен танысты.

Ғарыштық зымыран кешенінің құрылысы «Союз-5» жаңа зымыран тасығыштарын ұшыруға арналған «Зенит-М» ҒЗК инфрақұрылымы базасында жүргізіліп жатыр. 2018 жылы ресейлік тарап алаңды жалға алуды тоқтатқаннан кейін нысанды қазақстандық мамандар пайдалануда. Жұмыстың аяқталу мерзімі 2028 жылдың мамырына жоспарланған, ал алғашқы ұшу сынақтарын 2025 жылы бастау жоспарланып отыр. Кешеннің жылына 6-8 зымыран ұшыруға мүмкіндігі бар.

Олжас Бектенов монтаждау-сынақ кешені, сондай-ақ зымыран көлеміне шақталған көлік қондырғыларын қарап шықты. «Бәйтерек» БК» АҚ басқарма төрағасы Айдын Айымбетов кешенді заманауи жүйелерге сәйкестендіріп жаңғырту туралы баяндап, зымыран-тасығыш жүйелерді тексеру кезеңдері, сондай-ақ «Бәйтерек» жобасы үшін мамандарды оқыту туралы хабарлар етті.

Үкімет басшысы «Бәйтерек» ғарыштық зымыран кешені бүгінде посткеңестік аумақтағы Қазақстан мен Ресейдің ең ірі бірлескен жобасы екенін және екі мемлекет басшыларының ерекше бақылауында екенін атап өтті. Биыл оны іске асыруға 14,7 млрд теңге бағытталды, қаражаттың қалған бөлігін бөлу мәселесі қосымша пысықталатын болады. Олжас Бектенов экологиялық таза тасымалдағыштарда ғарыш аппараттарын сәтті ұшыру үшін мамандардың тығыз бірлескен жұмысының қажеттілігіне назар аударды.

2-бет

/// «ҚАНАТТЫ ҚАЛАМ – 2024»

«ЖЕБЕ» АДЫРНАҒА АЛЫНДЫ

Ақпарат айдынында үздіксіз қалам тербеп келетін журналистердің еңбегі қашанда елеулі. Сөз тізгінін ұстаған тілшілер қауымы еліміздің мәдени-рухани өміріне өлшеусіз үлес қосып келеді. Биылғы жылдың басты жаңалығы – Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Масс-медиа туралы» Заңға қол қойды. Заңға «Журналистің ерекше мәртебесі» деген ұғым енгізілді. Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлерінің кәсіби мерекесіне арналған «Қанатты қалам – 2024» салтанатты шарасы «Өнер орталығында» өтті. Онда облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мәртебелі сала мамандары мен ардагерлерін құттықтады.

3-бет

Құрметті «Сыр бойы» газетінің ұжымы!

Сіздерді аймақтың бас басылымының жарыққа шыға бастағанына 95 жыл толуымен құттықтаймын! Сыр өңірі журналистикасының тарихы да оның бастауындағы «Сыр бойымен» сабақтас, яғни бір ғасырлық белесіне жақындап қалды.

Осы уақыт ішінде «Сыр бойы» қазақ әдебиетінің қабырғалы қайраткерлерінің шығармашылықтағы тұсауы кесілген, тың туындылары жарияланған ұстаханаға айналды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы «Әділетті Қазақстанды құру үшін қоғамда құндылықтар жүйесін жаңғыртып, ұлттың жаңа сапасын қалыптастырудың мән-маңынасы зор. Бұл бағытта еңбеккерлік пен білімпаздықты, адал азаматқа тән қасиеттерді дәріптейтін масс-медиа өкілдері айрықша рөл атқарады» деп, сіздерге жүктелген міндеттің маңыздылығын атап өткен болатын.

«Сыр бойының» алғашқы нөмірі бұдан 95 жыл бұрын, осы атпен, араб қарпімен басылып шықты. Кейін басылым аты «Ленин туы», «Ленин жолы» болып өзгерді, латын қарпіне, сосын кириллицаға ауысты. Тек Тәуелсіздік алған соң ғана «Сыр бойы» атты тарихи атауымен қайта қауышты. Сыр өңірінің бір ғасырға жуық уақыттағы шежіресі газеттің сарғайған парақтарында қатталды. Тасқа басылған жылнамада жылдар шежіресі, уақыт алға қойған міндеттер, аймақтың тыныс-тіршілігі, бәрі-бәрі көрініс тапқан.

Басылым тілшілері бұрын да, бүгінгідей ақпарат тасқыны алапат дәуірде де тексерілген, нақты жаналық тарату мақсатынан жаңылмай, билік пен бұқараның арасына алтын көпір болу миссиясын бұлжытпай орындап келеді. Былтыр «Сыр бойы» газеті «Үркер» ұлттық сыйлығының «Ең үздік өңірлік басылым» номинациясын иеленіп, аймақ журналистикасының абыройын асқаттаты. Бұл – басылым журналистерінің, олармен ық тіресіп еңбек ететін техникалық құрамның, дизайнер, корректор, фотокорреспондент мамандардың ерен еңбегінің жемісі.

Аймақтың медиа саласындағы ең байырғы ақпарат құралында еңбек етудің жауапкершілігі зор. Оның үстіне ақпарат заманында тілшілер қауымына жүктелген міндеттің салмағы да уақыт өткен сайын ауырлап келеді. Бір ғасырлық белесіне жақындаған «Сыр бойының» дәуір тынысын дөп басқан жарияланымдары оқырманның жан азығына айнала бергей!

Сіздерді 95 жылдық мерейтойларыңызбен шын жүректен құттықтай отырып, еңбектеріңізге табыс, дендеріңізге саулық, шаңырақтарыңызға құт-береке, амандық тілеймін.

Мерекелеріңіз құтты болсын!


Құрметпен, облыс әкімі Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ

«ҰЛТ БАСПАСӨЗІ МЕН ҰЛТ МҮДДЕСІ ӨЗЕКТЕС»

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев «Таза Қазақстан» акциясы мен қоғамда экологиялық сана қалыптастырудың мән-маңызы туралы айтты. Сонымен қатар ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын бастамаларды барынша дәріптеу, экономиканы әртараптандыру, еліміздің инвестициялық тартымдылығын арттыру бағытында атқарылып жатқан жұмыстар жайында кеңінен мәлімет берді. Бұдан бөлек, Қазақстанның сыртқы саясаттағы ұстанымы, Атом электр станциясын салу мәселелері жөнінде пікір білдіріп, журналистерді осы маңызды істерді жұртшылық арасында кеңінен насихаттауға шақырды.

Президент елімізде жүргізілген жүйелі реформалардың нәтижесінде азаматтардың саяси мәдениетінің деңгейі едәуір өскенін, шынайы әрі аясы кең пікір алуандығы пайда болғанын атап өтті.

– Көпшілік мұны әлі күнге сезінбей жүр. Алайда Қазақстанда әлдеқашан жаңа саяси жағдай қалыптасты. Оны сөз бостандығынан, ашық бәсекелестіктен, билік пен қоғам арасындағы конструктивті диалогтан, бүкіл ақпа-



1-бет

раттық ресурстардың қолжетімділігінен байқауға болады. Біз осындай өзгерістер жүзеге асырылды деп сеніммен айта аламыз. Мұндай жағдайда БАҚ-тың рөлі мен жауапкершілігі арта түседі. Отандық масс-медиа әрдайым объективтілікті, бейтараптылықты сақтап, ел мен қоғамның мүддесін бәрінен жоғары қоятынына сенімдімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұл ретте Президент Әділетті Қазақстан құру бос идеологиялық абстракция емес, шынайы жалпыұлттық таңдау екенін мәлімдеді.

– Мемлекеттің қуаты – халықта, ал халықтың қуаты жасампаз күш-жігерде және отаншылдықта. Сондықтан еліміздегі барлық ауқымды өзгерістер адамға, оның қарым-қабілетін толық ашуға бағытталған. Біз үшін реформалардың өзі ғана емес, түпкі мәні маңызды. Біздің реформаларымыз кызыл сөзге емес, нақты іске негізделген. Басты мақсат – азаматтарымыздың болашаққа деген сенімін нығайтып, әлауқатын арттыру. Бұқаралық ақпарат құралдарының қоғамда Заң мен тәртіпті орнықтыру үдерісінде атқаратын рөлі айрықша. Бұл – елімізде

жүргізіліп жатқан жаңғыруларға негіз болатын қағидағардың бірі, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жиырма бесінші ғасырдың басындағы қазақ зиялылары баспасөзге түгел атсалысқанын, бұл салаға ағартушылық сипат бергенін атап өтіп, аға буынның осы сара жолын лайықты жалғастыру қажет екеніне тоқталды.

Жында бірқатар журналистер Қазақстан Республикасы Президентінің БАҚ саласындағы сыйлықтары, гранттары және Алғысы салтанатты түрде табысталды.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев отандық журналистиканың дамуына елеулі үлес қосқан бір топ азаматты мемлекеттік наградалармен марапаттады.

Президент сөзінің соңында бытырдан бері мереке қарсаңында журналистерге пәтер кілтін табыстау дәстүрге айналғанын, бұл үрдіс биыл да, алдағы уақытта да жалғаса беретінін жеткізді.

Айта кетейік марапатталғандар қатарында Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қуат Шарабидинов «Ерен еңбегі үшін» медаліне ие болды.

ҮКІМЕТ БАСШЫСЫНЫҢ СЫР ӨҢІРІНЕ САПАРЫ

– Зымырандарды ұшыру мерзімдерін өзгерту керек. Үш ұшырылымның біріншісі келесі жылы өтуі тиіс. Жоба «Байқоңыр» кешенінің белсенді жұмысын қамтамасыз ету үшін аса қажет. Бұл орайда бірлескен кәсіпорындағы еңбек ұжымының жұмысы да маңызды. Сондай-ақ ғылыми ортамен де өзара тығыз іс-қимылды үзбеу керек, – деп атап өтті Олжас Бектенов.

Қаланы дамыту жоспары туралы Премьер-министрге ҚР Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі арнайы өкілі Қайрат Нұртай баяндады. Қазіргі уақытта халықтың 70%-ын Қазақстан азаматтары құрайды. Табиғи өсім мен көші-қон ағыны есебінен оң динамика тіркеліп отыр. Қаланың қарқынды өсуін ескере отырып, әлеуметтік, инженерлік инфрақұрылымды дамыту, тұрғын үй қорын ұлғайту жөніндегі шаралар іске асырылуда. Мәселен, 600 орынға арналған мектеп салу жоспарланған, өткен жылдың қорытындысына сәйкес, қазақстандық білім беру стандарттары бойынша 2 балабақша ашылды, бұл кезектіекі есептенмендетуге мүмкіндік берді.

«Байқоңыр» кешенін газбен жабдықтау туралы келісімге сәйкес қалада барлық көпестерлі тұрғын үйлер газдандырылды. Бұдан басқа, сумен жабдықтау және су бұру желілері жалға беруден алынып, облыстық коммуналдық меншікке берілді. «Байқоңыр» кешенінің объектілеріне рұқсат алуды жеңілдету үшін цифрлық құралдарды енгізу мүмкіндігі қарастырылуда.

ӨҢІРДІҢ ӨЗЕГІ – СЫРДАРИЯ ӨЗЕНІ

Премьер-министрдің Қызылорда облысына жұмыс сапарына негіз болған басты мәселелердің бірі – су үнемдеу технологияларын енгізу және су инфрақұрылымын дамыту. Олжас Бектенов Мемлекет басшысының Кіші Аралды сақтау және дамыту жөніндегі тапсырмаларының орындалуы барысымен танысып, атап айтқанда, «Қараөзек» су қоймасының құрылысына назар аударылды және «Көкарал» бөгетін реконструкциялау қарқыны тексерілді.

Өңірдің негізгі су көзі – Сырдария өзені. Соңғы бірнеше жылда өзен суының азаюына байланысты Солтүстік Аралда жиналған судың орташа жылдық көлемі жобалық 27 млрд текше метрден 2022 жылы 18,9 млрд текше метрге дейін төмендеді. Бүгінгі таңда су ағынын секундына 6 текше метрден 50 текше метрге дейін ұлғайту бойынша қабылданған шаралар

нәтижесінде Солтүстік Аралда су көлемі 21,4 млрд текше метрді құрады, осы жылдың басынан бері 1,5 млрд текше метр су келді. Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен экологиялық жағдайы Сырдария өзені бассейнінің сумен жабдықталуына тікелей байланысты екені анық, дарияның жағасында аймақтағы елді мекендердің 85%-ы орналасқан, жергілікті халықтың 93%-дан астамы өмір сүреді. Бүгінгі таңда өңірде су үнемдеу

Қызылорда облысында жалпы ауданы 4,8 мың гектар болатын 3 ірі инвестициялық жоба іске асырылып жатыр. – Мемлекет басшысы су үнемдеу технологияларын енгізуді жеделдетуді тапсырды. Сырдария өзеніндегі су тапшылығын ескере отырып, жерасты суларын ұтымды пайдалану мақсатында Су ресурстары және ирригация министрлігіне жерасты көздеріне зерттеу жүргізуді тапсырамын, – деді Олжас Бектенов.

латын «Көкарал» бөгетін реконструкциялау жоспары туралы баяндалды. Жобаны іске асыру шеңберінде бүлінген бөгет, сондай-ақ Қарашалаң және Тұщы көлдері арқылы теңізге шығатын арналар қалпына келтірілетін болады. Олжас Бектенов Үкімет су ресурстарын тиімді пайдалану, су жинау лимиттерін және Сырдария мен Амудария бассейндері бойынша су қоймалары каскадының жұмыс режимдерін сақтау мәселелерінде көрші

Орталықтандырылған жылумен жабдықтау жүйесіне 2 949 нысан, оның ішінде 808 көпестерлі үй қосылған. Биыл осы объектілерді ыстық сумен қамтамасыз ету үшін Президент қойған міндетті іске асыру шеңберінде Үкімет резервінен 11 млрд теңге, қалалық қазандықтарды жөндеуге тағы 2 млрд теңге бөлінді. Сонымен қатар жылу желілерін жаңғыртуға республикалық бюджеттен 6 млрд теңге бағытталды. Қабылданып жатқан шаралар жылу трассаларының тозуын 42%-ға дейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ Премьер-министрге жылу қуаты сағатына 277 Гкал болатын жаңа ЖЭО құрылысының қарқыны туралы баяндалды. Қазіргі уақытта жер қазу жұмыстары аяқталды, жабдықты орнатуға негіз қалануда – алаңға 600-ге жуық адам және 60 бірлік техника жұмылдырылды. Құрылыс жұмыстары жоспарға сәйкес жүріп жатыр. Нысанды 2025 жылы пайдалануға беру жоспарланған. Қазіргі таңда инвестор жобаны іске асыруға 70 млрд теңгеден астам инвестиция салды.

Олжас Бектенов ел экономикасының белсенді дамуына және өнеркәсіптік кәсіпорындардың іске қосылуына байланысты қосымша энергия қуаты қажет екенін атап өтті.

– Жаңа ЖЭО құрылысы Мемлекет басшысының ерекше бақылауында. Оның іске қосылуы оңтүстік өңірлердегі электр энергиясының жүктемесін тұрақтандыруға және тұтастай алғанда, еліміздің энергетикалық қауіпсіздігін нығайтуға оң әсерін тигізеді, – деп атап өтті Премьер-министр.

Қызылорда облысының әкімдігіне газ жеткізуші құбыр мен ЖЭО құрылысын уақытылы аяқтау, сондай-ақ барлық объектілердің жылу беру маусымына дайындығын қамтамасыз ету жөнінде тапсырма берілді.

Қызылорда облысы өңдеу өнеркәсібінде өндірілген өнім көрсеткішінің осы қарқыны бойынша көш бастап тұр. Облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев Премьер-министрге өңірдегі өнеркәсіптің дамуы туралы баяндады. 2024 жылдың 5 айында экономиканың осы секторы 6,3% өсім көрсетті, инвестициялар көлемі 40%-ға өсті, оның 80%-ы – жеке салымдар. 2024-2028 жылдар аралығында 8,4 мың жұмыс орнын құрумен жалпы сомасы 1,1 трлн теңгеге 76 жобаны іске асыру көзделген. Осы жылдың өзінде 32,4 млрд теңге сомасына 15 жоба іске қосылмақ.

Шыны зауытының іске қосылуы дамуға айрықша серпін берді, онда қазіргі таңда шыны кластерін құру жұмыстары басталды. Кәсіпорын жұмыс істеген уақыт ішінде 27,3 млрд теңге сомасына 20,8 млн м² шыны өндірілді. Бүгінде кәсіпорын \$15 млн көлеміндегі өз қаражатына қуаты жылына 5 млн м² болатын энергия үнемдейтін шыны шығаратын жаңа желіні іске қосты.

Олжас Бектенов Қазақстан экономикасы үшін маңызды жобаларға қаражат салуға дайын инвесторларға қолдау көрсету қажеттігін атап өтті.

Жұмыс сапары аясында жол-көлік инфрақұрылымын дамыту мәселесіне назар аударылды. Атап айтқанда, «Қызылорда-Жезқазған», «Қызылорда-Үшкүдык» автомобиль жолдарын салу және «Қызылорда-Ақтөбе» автомагистралін реконструкциялау жобалары бар. Көлік министрлігіне қажетті жұмыстарды жүргізуге және жобаларды уақытылы аяқтауға тиісті құжаттарды ресімдеу жөнінде тапсырмалар берілді.



технологиясы белсенді түрде енгізіліп жатыр. Облыста 286 мың гектар суармалы жер бар, оның 185-190 мың гектарына ауыл шаруашылығы дақылдары егіледі. Мемлекет басшысының егістікті әртараптандыру туралы тапсырмасы бойынша биыл күріш алқабы 6 мың гектарға қысқартылды. Лазерлік тегістеу күріш алқаптарын суаруға жұмсалатын судың шығынын азайтуға мүмкіндік берді. Инновациялық технологияның арқасында соңғы 10 жылда суды 20%-ға дейін үнемдеуге және өнімділікті 30%-ға дейін арттыруға мүмкіндік туды. Өңірде басқа да су үнемдеу технологияларын енгізу көлемі биыл 4,2 мың гектарға жетті, 2030 жылға дейін бұл көрсеткішті 34,2 мың гектарға дейін ұлғайту көзделген. Осы бағытта қазіргі уақытта

Премьер-министр Су ресурстары және ирригация министрлігіне сыйымдылығы 775 млн текше метр болатын «Қараөзек» су қоймасын салу бойынша Қызылорда облысында іске асырылып жатқан жобаны қаржыландыру жөнінде ұсыныстар енгізуді тапсырды. Жаңа техникалық құрылыстың негізгі мақсаты – «Көкарал» бөгеті арқылы Үлкен Арал теңізіне қайтарылмайтын судың бір бөлігін сақтау. Бұл шаралар вегетациялық кезеңде Қазалы ауданының 31 мың гектар егістік жерлерін және арна бойында орналасқан 11 мың гектар шабындық пен жайылымды сумен қамтамасыз етеді. «Қараөзек» су қоймасы елімізде басым тәртіппен салынуы тиіс 9 су инфрақұрылымы объектісінің тізбесіне енгізілген.

Үкімет басшысына биыл аяқта-

елдермен жұмысты жалғастыратынын атап өтті.

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ИГІЛІГІ

Алдағы жылыту маусымына дайындық аясында Премьер-министр Қызылорда облысындағы жаңа ЖЭО құрылысының барысымен танысты. Сондай-ақ алдағы уақытта шыны кластері құрылатын табақ шыны өндіретін инвестициялық жобаға барып, Мемлекет басшысының өңдеу өнеркәсібінің үлесін ұлғайту жөніндегі тапсырмасының орындалуын тексерді.

Өңір тұрғындарын 1964 жылы пайдалануға берілген ЖЭО жылумен қамтамасыз етіп отыр. Бүгінгі таңда жабдықтың тозуы 75%-ды құрайды.



1-бет

«ЖЕБЕ» АДЫРНАҒА АЛЫНДЫ



– Қазіргідей ақпарат тасқыны алапат дәуірде шынайы да нақты ақпарат тарату мақсатынан жаңылмаған билік пен бұқараның арасында алтын көпір болу миссиясын бұлжытпай орындап жүрген қаламгерлер мен сала мамандарын құттықтаймын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы кеше ғана ақпарат құралдары өкілдерімен кездесуінде: «Журналист – мәртебелі мамандық. Ол ақиқат сөздің, өткір ой мен шынайы пікірдің және әділ істің жақтаушысы. Сондықтан біз медиа саласының мамандарына әрдайым зор құрметпен қараймыз» деп ерекше атап өтті. Өздеріңізге белгілі жақында Мемлекет 1-бет

басшысы «Масс-медиа туралы» Заңға қол қойды. Аталған Заңда журналистер үшін қосымша құқықтар, кепілдіктер белгіленген журналистің ерекше мәртебесі деген ұғым енгізілді. Журналист мәртебесінің ерекше қорғалуы, оның сенімділігіне, шығармашылық өркендеуіне ықпал етері сөзсіз, – деді облыс әкімі.

Бүгінде өңірдің медиа кеңістігінде 149 бұқаралық ақпарат құралы жұмыс жасайды. Оның 13-і мемлекеттік, 135-і тәуелсіз, 120 газет, 26 интернет-сайт пен ақпараттық агенттік, 3 телеарна облыс, қала, аудан аумағына ақпарат таратады. Сыр журналистикасы өзінің ғасырлық белесіне жақындап қалды.

Соның дәлелі – ең байырғы басылм «Сыр бойы» газетінің жарыққа шыққанына 95 жыл толуы. Қазақ журналистикасы мен әдебиетінің алыптары Жиенғали Тілепбергенов, Асқар Токмағанбетов, Зейнолла Жарқынбаев, Ұзақ Бағаев, Қалқабай Әбенев сынды ағалардың қолтаңбасы қалған «Сыр бойы» басылмасы өткен жылы «Үркер» ұлттық сыйлығын алып, еліміздегі «Ең үздік басылма» номинациясын иеленген болатын. Шарада облыс әкімі ұжым қызметкерлерін мерейтоймен құттықтады.

– Бүгінде ақпараттық сұраныс талғамының өзгергеніне қарамастан, «Сыр бойы» газеті 23 мыңға жуық

тиражбен тарайды. Бұл – еліміздегі облыстық газеттер арасындағы ең озық көрсеткіш. Мұнан бөлек, биыл Жалағаш аудандық «Жалағаш жарысы» басылманың 90 жылдығы, Шиелі аудандық «Ескен өңір», Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газеттеріне 85 жыл, Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің жарық көргеніне 30 жыл толуда, – деді.

Салтанатты шарада аймақ басшысы ақжолтай жаңалықпен бөлісіп, жыл соңында бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне арналған «Жебе» арнайы сыйлығы табысталатынын айтты. Бұл сыйлық үздік мақалалар мен сюжеттерге, ақпараттық материалдарға 7 номинация бойынша дәстүрлі түрде берілетін болады. Әр номинацияға 1 миллион теңге жұлде тағайындалады.

Сәрсенкүл Бихожаева «Құрмет» орденімен, «Қузылорда» телеарнасының бас инженері Бақытжан Шүкенов «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды.

Шарада «Сыр бойы» газетінің қызметкерлері марапат төрінен көрінді. Аға тілші Әділжан Үмбет «Ақпарат саласының үздігі» төсбелгісін иеленсе, басылма дизайнері Гүлмира Өтешова облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Сонымен қатар «Syrboy.kz» ақпараттық агенттігінің шеф-редакторы Шынар Бекбан «Жаңалық жарысы» номинациясының иегері атанды.

Бірақтар БАҚ қызметкеріне облыс әкімінің, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің марапаттары табысталды. Мұнан бөлек, үздіктерге түрлі номинация берілді. С.Берма-



Мерекеде аймақтың ақпарат саласының дамуына елеулі үлес қосқан бірқатар БАҚ өкілі облыс әкімінің арнайы марапатына ие болып, құрмет төрінен көрінді. Мемлекет басшысының Жарлығымен «Ақмешіт ақшамы» газетінің бас редакторы

ғанбетов атында өткізілген спорттық жарыс жеңімпаздары да арнайы марапат алды.

Шара соңы мерекелік концертке ұласты.

Айсауле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

КЕМШІЛІКТЕР ТҮЗЕТІЛУІ ТИІС

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте Үкімет басшысы Олжас Бектенов бастаған делегацияның Сыр өңіріне жасаған сапарының қорытындысы, берілген тапсырмалар, Қызылорда қаласындағы кейбір мәселелер талқыланды.

– Кеше облысқа ресми жұмыс сапармен келген Үкімет делегациясы өңірдегі жұмыстармен танысты. Қарқынды құрылыс алаңына айналған облыс орталығындағы нысандарға тоқтады.

Биыл Мемлекет басшысының қолдауымен қаланы ыстық сумен қамтамасыз ету мәселесі оң шешімін тапты. Қала мен оған қарасты елді мекендерде көшелер жөнделіп, жаю жүргініштер жолы салынады. Үкімет басшысы қолға алынған жұмыстарға оң бағасын берді, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, Қызылорда қаласындағы 2022-2023 жылдары жөндеуден өткен, кепілдік мерзімі бар көшелерді визуалды қараудан және бақылаудан өткізгенде бірқатар кемшілік анықталды. Атап айтқанда, алдыңғы жылы жөндеген 49 көшенің 15-інен, былтыр жөндеген 56 көшенің 11-інен ақау шыққан. Қала әкімі Серік Қожаниязов осы

кемшіліктерді түзетуде атқарылған жұмыстарды баяндады. Қызылорда қаласы әкімдігіне келісім-шарттағы кепілдік мерзіміне сәйкес іс-шара жоспарын бекітіп, анықталған ақауларды 1 ай ішінде қайта қалпына келтіру жөнінде тапсырма берілді.

Жиында құрылыс, сәулет және қала құрылысы, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы басшылары жаңа нысандар құрылысы, инфрақұрылым желілерін дамыту туралы баяндалды. Атап айтқанда, сол жағалаудағы құрылыстар, алдағы жылы маусымына дайындық, ескі көпқабатты тұрғын үйлерді қайта жаңғырту, жаю жүргініштер жолын салу жоспарлары талқыланды. Қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына қатысты мәселелер мен ұсыныстар бойынша жоспарлы жұмыстар жүргізіледі.

/// БРИФИНГ

АҚПАРАТ АЙДЫНЫНДАҒЫ МЕРЕЙЛІ МЕРЕКЕ

Болған жайтты бүкпесіз баяндап, күрмеуі көп мәселенің шешілу жолына үңілетін тілшілер қауымының еңбегі жұртшылықтың көз алдында. Халықтың тіршілігінен, әлеуметтік әл-ауқатынан, руханияты мен қоғам тынысынан хабар тарататын қалам иелері кәсіби мерекені жыл сайын атап өтеді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтылды.



– Ең алдымен баршаңызды 28 маусым – Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күнімен құттықтаймын! Өздеріңіз білетіндей, ақпарат ағымы тоқтаусыз ағып жатқан қазіргі қоғамда ашық әрі шынайы жаңалықтарды дер кезінде халыққа жеткізу аса маңызды. Бұл ретте телеарналар, басылм және интернет сайттардың сапалы жұмыс жасап, әлеуметтік желілерде ерекше контент қалыптастыруы медиа саласының серпінді дамуына ықпал ететіні анық. Бұл өз кезегінде осы салада аянбай еңбек етіп, барлық қажыр-қайратын жұмсайтын журналистер қауымының ерекше еңбегі деп білеміз. Бүгінде облыстың медиа кеңістігінде барлығы 149 бұқаралық ақпарат құралы жұмыс істеуде. Оның ішінде 120 баспа, 26 интернет-сайт пен ақпараттық агенттік, 2 телеарна бар. Олардың 137-сі облыстық, 2-уі қалалық, 10-ы аудандық деңгейде ақпарат таратып, медиа саласының дамуына өз үлестерін қосуда. Аймақтың бұқаралық ақпарат құралдарының тек 1-уі орыс тілінде ақпарат жарияласа, 5-і мемлекеттік және орыс тілдерінде, 14-і мемлекеттік тілде ақпарат таратады. Кейінгі уақытта озық тәжірибелерді пайдалана отырып медиа саласын дамыту аясы кеңейді. Оның ішінде, жасанды интеллектті пайдалана отырып халыққа қызықты ақпараттар тарату ерекше қарқын алып келеді. Бұл, әрине, облыстың медиа саласы үшін тың бастаманың бірі деп білеміз, – деді облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов.

Журналист қаламының ұшында мың сан тағдыр болуы мүмкін. Дауылда да, жауында да қаймықпай қызмет жасау қаламгерлерге ғана тән қасиет. Елдің қуанышы мен қиындығын қаламының ұшында тербеген журналистердің жұмысы жеделдікті талап етеді.

– «Сыр медиа» ұжымы БАҚ саласында елеулі қызмет атқарып келеді. Серіктестікте 1 республикалық, 2 облыстық, 1 қалалық және 7 аудандық басылм бар. Одан бөлек, 13 ақпараттық агенттік ақпарат таралды, 207 қызметкер жұмыс істейді. Журналистердің

әлеуетін арттыру және оқырмандарға жақсы, сапалы ақпарат тарату үшін қызметкерлерге арналған жұлде қорын әзірледі. Оның ішінде эксклюзивті, сараптамалық материал жазған тілшілер арасынан арнайы комиссия үздігін анықтайды. Сондай-ақ үздік дизайнерді де сыйақысыз қалдырмаймыз. Ең басты қуанышымыз, 95 жылдық тарихы бар «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қуат Шарабидиновті Мемлекет басшысы «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапаттады. Баршаңызды мерейлі мерекемен құттықтаймын! Журналистердің жазары көп болсын, – деді «Сыр медиа» ЖШС директоры Марат Аралбаев.

Журналистика саласының қарыштап дамуында телеарна қызметінің орны ерекше. Сапалы телесөнім дайындап, халыққа айшықты ақпарат жеткізу жолында телеарна тілшілері де аянбай еңбек етеді.

– «Qyzylorda» телеарнасы 1991 жылы ашылған. Тәулігіне 15 сағат эфирде хабар таратады. Өткен жылдан бастап Байқоңыр қаласында тілшілер пунктін аштық. Қазіргі кезде біз Байқоңырдан да ақпарат таратамыз. Жыл басынан бері жаңа 8 бағдарлама көрерменге жол тартты. Жалпы, телеарнада 32 бағдарлама жарық көреді. Мемлекеттік қызметкерлердің айтар сөзін халыққа жеткізу мақсатында «Anytimes» хабары жарық көрді. Одан бөлек, руханиятқа арналған «Pаgаllе» атты бағдарлама бар. Ауылдың тыныс-тіршілігін көрсететін «Құдайы қонақ» бағдарламасы да көрермендердің көңілінен шығып үлгерді. Алдағы жаңа маусымға тағы да осындай қызықты әрі пайдалы бағдарламалар әзірлеудеміз, – деді «Qyzylorda» телеарнасының директоры Нұрбек Әмиша.

Кәсіби шеберлігі мен адами құндылықтарды қатар алып, халықтың жүрегіне салмақты ойымен жол салған журналистика мамандарының еңбегі қашанда елене бермек.

Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ТОП ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Айғақ» телеарнасының шығармашылық тобымен кездесті. Шығармашылық топ Мемлекет басшысының бастамасымен қасиетті мекендер туралы бағдарлама түсіруде.



Құрамында актер Абубакир Ханходжаев, Қазақстанның Құрметті журналисі, «Еркін ой» газетінің бас редакторы Балтабек Түйетаев, «Бекет» газетінің бас редакторы, журналист, блогер Сафуан Өтебаев, «Айғақ» телеарнасының журналистері бар.

Аймақ басшысы қонақтарды Бұқаралық ақпарат қызметкерлері күнімен құттықтады.

– Ақпарат айдынында үздіксіз қалам тербеген журналистердің еңбегі әрдайым елеулі. Сөз тізгінін ұстаған тілшілер қауымы еліміздің мәдени-рухани өміріне өлшеусіз үлес қосып келеді. Өздеріңізге белгілі, биылғы жылдың басты жаңалығы – Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы «Масс медиа» туралы заңға қол қойды. «Журналистің ерекше мәртебесі» деген ұғым енгізілді. Қалам ұстаған қауымның құқығы заңмен қорғалады. Бұл – бұқаралық ақпарат құралдарын замана көшіне ілестірудегі, саланы дамытудағы ауқымды жұмыстардың бірі ғана. Шығармашылық топтың Ұлытау облысында өтетін «Көкмайса-2024» фестиваліне қатысып, «Жошы хан» кесенесіне баратынын хабарым бар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының

«Ұлытау – ұлтымыздың алтын бесігі, тағылымды тарихымыздың куәсі. Сондықтан біз Ұлытау жеріне ерекше құрметпен қараймыз!» деп, киелі мекеннің қазақ тарихы үшін маңызын атап өткені белгілі. Осы ретте, Президентіміздің бастамасын қолдап, қасиетті мекендер туралы бағдарлама түсіруде Дулат Назарбекұлы, өзінің бастаған шығармашылық топтың жұмысына сәттілік тілеймін, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Облыс әкімі топ мүшелеріне Сыр жұртшылығының атынан ілтипат білдіріп, Алғыс хат табыстады.

Өз кезегінде, топ жетекшісі Дулат Әбіш аймақ басшысына алғыс білдірді. Шығармашылық топтың сапары киелі Түркістаннан басталып, Алтастың анасы – Сыр өңірінде жалғасып, ұлт ұясы – Ұлытауда мәресіне жетеді.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі



Бізді құттықтайды

СЫР СӨЗІНІҢ САНДЫҒЫ

«Сыр бойында» жұмыс істеудің де, тіпті өндірістік тәжірибеден өтудің де сәті түскен жоқ. Әйтеуір реті келмеді. Бірақ өмір бойы бұл басылыммен байланысымыз үзілмейтін. Елде жүргенімізде үйге жаздырып алатынбыз. Алдымен оқырманы болды. Кейін автор ретінде үзбей мақала жазып тұрдық. Сыр елінде қызмет істеген жылдарымызда әрбір жетістігімізді жұртшылыққа қуана хабарлаған да осы газет еді. Тіпті бір кезде бүгінгі «Сыр медиаға» қарасты басылымдардың жұмысына жауапты лауазымды қызметті де атқардық. Сол тұста көктемгі қарғын кезінде Сырдарияның арнасы қатты тасып, жағалау маңындағы елді мекендерді су басып, қала тіршілігіне қатер төндіргені жұртшылыққа мәлім. Осы сәтте қиналған елді жұбату мақсатымен жазылған «Ұлт болып ұйыса алдық», «Сабыр, сабыр, Сыр-ана!» деген мақалаларымыз «Сыр бойы» газетінде жедел жарияланды.

Баспасөз маманы болған соң жұмыс барысында көптеген газетпен танысып отыруға тура келеді. Соларды саралай келе «Сыр бойының» өңірлік басылым ретіндегі бірқатар ерекшелігін атап өтуге болар еді.

Біріншіден, бұл газет әйгілі жыраулар мен жыршылардың мәртебелі мекенінде жарық көріп келеді. Сол себепті бүгінгі жергілікті журналистердің құт конған қаламынан шыққан дүниелерден сүйлейер сөзінің сұлбасы сезіледі. Ақын-дардың арыны, жыршылардың сарыны қызылордалық әріптестеріміздің шығармашылығынан айқын аңғарылып тұрады. Сондықтан, «Сыр бойы» газетін сырлы сөздің сандығы деуге болар.

Екіншіден, газет ұлт қаламгерлерінің үнемі бас қосатын қасиетті құтханасы саналады. Астанадан немесе Алматыдан келген жазушылар бұл жерге бір соқпай өтпейді. Осы дәстүрді ілгеріде қалыптастырған қазақ руханиятының екі алыбы екенін айтуға тиіспіз. Олар – өмір бойы Қызылорданы мекен еткен әйгілі сөз зергерлері Асқар Тоқмағамбетов пен Әуелбек Қоңыратбаев. Екеуі де «Сыр бойының» редакциясын шығармашылыққа шақыратын шабыт шаңырағындай, әдебиеттің әңгімесін айтатын ой отауындай қалірледі.

Үшіншіден, бұл басылым жазу өнерін жетік меңгерген журналистердің үлгілі мектебі болды. Қай-қайсысы да

қамшы салдырмайтын талант-тұрпатымен дараланды. Өзі басым аға буынның ішінен Мырқы Исаев пен Қазі Данабаевтың жазу шеберлігін ерекше бағалаймын. Біреуінен жариялауымға мінез дарытуды, қаламды өткірлеу етіп ұштауды, екіншісінен баяндау мәдениетін сақтауды, мақаланы инабат иірімдерімен өрнектеуді үйренген сияқтымыз.

«Сыр бойы» – Сыр елінің төлқұжаты. «Сыр бойы» – Сырдария секілді ағынды сөз дариясы. «Сыр бойы» – жыр сүйлейерінің кейінгі ұрпаққа аманаттап кеткен қастерлі қазынасы. «Сыр бойы» – қоныссыз Қорқыттың құнарлы топырағының баға жетпес бойтұмары.

Сол «Сыр бойы» бүгін тағылымды тоқсан бестің берекелі биігінен қарап тұр. Тойларыңыз тойға ұлассын! Мерекелеріңіз құтты болсын, әріптестер! Сыр сөзінің сандығы – «Сыр бойының» тұмры ұзаққа созылсын!

Бауыржан ОМАРҰЛЫ,
Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі,
ҚР ҰҒА академигі

Құрметті «Сыр бойы» газетінің ұжымы!

Еліміздегі байырғы басылымдардың бірі – Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газетінің 95 жылдық мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Басылым мемлекеттік-ақпараттық саясатты жүргізуге, аймақтың тыныс-тіршілігін үздіксіз насихаттауға аянбай қызмет етіп келеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған саяси реформаларды, кейінгі бес жылдың бедерінде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын қамтамасыз ету бағытында атқарылған ауқымды істерді насихаттауға, қоғамдық сананы жаңғыртуға да ерекше үлес қосуда. Осының бір айғағындай, 2023 жылы «Сыр бойы»

газеті «Үркер» ұлттық сыйлығы бойынша «Үздік өңірлік БАҚ» номинациясын иеленді. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қанат жаюы масс-медияның алдына жаңа талаптар қойып отыр. Бұл ретте «Сыр бойы» газетінің бет-бейнесі де, мазмұны да заманға сай дамып келеді.

Алдағы уақытта да мемлекетіміздің өсіп-өркендеуі жолында ақпараттық қолдау білдіріп, жақсылық жаршысы бола берулеріңізге тілектестік білдіремін.

Берік УӘЛІ,
Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі-Президенттің баспасөз хатшысы

Құрметті «Сыр бойы» газетінің ұжымы!

Баршаңызды облыстық «Сыр бойы» газетінің 95 жылдық мерейтойымен құттықтаймын!

Алаштың анасы атанған Сыр еліндегі ата басылым шежірелі тарихтың куәсіне айналды. Елдің әр кезеңдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайы басылым бетінде көрініс тапты. Мыңжылдық мәдениет пен руханияттың алтын жібін ұзбей, ұлттық құндылықтың қайта жаңғыруы үшін қаламы қуатты қаламгерлер үлкен үлес қосты.

Сыр сүйлейерінің мекенінде жарық көретін «Сыр бойы» газетінде ел мүддесін жоғары қоятын руханият жанашырлары, ақпарат өкілдерінің үлкен шоғы-

ры бар. Олар түрлі ақпарат алмасқан бүгінгідей заманда қалың көпшілікке салмақты да сүбелі дүниелер ұсынып, өзекті мәселелердің шешілуіне ықпал етіп, қоғамды алға жетелеу жолында еңбек етіп келеді.

Баспасөз – ғасыр айнасы, дәуір тынысы. Өзіндік тарихы мен бағыт-бағдарын қалыптастырған «Сыр бойы» басылымы қалың оқырманның ықыласына бөленіп, өңірдің тұтас жылнамасын жаза білді.

Бүгінде аймақтың аға басылымында жарияланған салмақты мақалалар егемен еліміздің тыныс-тіршілігін халыққа жет-

кізіп қана қоймай, Отанымыздың өркендеуіне, өңірдің түлеп-дамуына зор үлес қосуда. Мұның барлығы шығармашылық ұжымның заман ағымын саралай, уақытпен санаспай жұмыс істегенінің нәтижесі деп білемін. Сондықтан осынау айтулы күні редакция ұжымына шығармашылық шабыт, толағай табыс тілеймін.

Ойлы оқырмандарыңыз, мазмұнды мақалаларыңыз көп болсын!

Сейітқазы МАТАЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының төрағасы



Құрметті «Сыр бойы» газетінің журналистері!

Сіздерді еліміздің байырғы басылымдарының бірі, өздеріңіз қызмет етіп келе жатқан «Сыр бойы» газетінің 95 жылдық мерекесімен құттықтаймын!

Біз – қонысымыз іргелес, жер-суымыз жалғасып жатқандықтан, ұстанған бағдарымыз бен мақсат-мүддемді де үйлесіп, шежіреміз де қатар өріліп келе жатқан өңірлерміз.

Биыл біздің облыстық «Ақтөбе» газеті ғасырлық биігіне көтеріліп отыр. Екі басылым да өздерінің елу жылдық мерекесі тұсында «Құрмет белгісі» орденіне ие болды.

«Сыр бойы» газетінің алғашқы редакторларының бірі болған фельетонист Жиенғали Тілепбергенов біздің «Ақтөбе» газетінің бастауында тұрған «Кедей» басылымының қалыптасуына мол үлес қосқанын мақтан тұтамыз.

Сондай-ақ, Бейімбет Майлин, Асқар Тоқмағамбетов, Әуелбек Қоңыратбаев секілді қазақ журналистикасы мен әдебиетінің көрнекті тұлғалары салған ізгілікті ізді бүгінде кейінгі буынның лайықты жалғастырып келе жатқаны қуантады.

Біз «Сыр бойы» газетін қазақ әдебиетінің көптеген танымал қайраткерлерін тәрбиелеген, олардың кемелді келешегіне бағыт берген басылым ретінде де бағалаймыз.

«Сыр бойы» газетінің ұжымына, барлық қызметкерлеріне жақсы мерекелік көңіл күй, мықты денсаулық, шығармашылық шабыт, биік жетістіктер тілеймін!

Раукен ОТЫНШИН,
«Ақтөбе Медиа» ЖШС директоры,
Қазақстан Журналистер одағы Ақтөбе облыстық ұйымының төрағасы

Құрметті Қуат Әбішұлы!

Сізді және сіз арқылы редакция ұжымын облыстық «Сыр бойы» қоғамдық-саяси газетінің шыға бастағанына 95 жыл толуымен шын жүректен құттықтаймын!

Ғасырға жуық кезеңде өңірдің жаңалығы мен даму үрдісін бұқараға қалтқысыз жеткізіп келе жатқан ұжым әлі де өз биігінен төмендеген жоқ. Газеттің 20 мыңнан астам таралымы – соның айқын айғағы.

«Атырау» мен «Сыр бойының» өзара байланысы – ұлттың көрнекті ақындарының бірі Асқар Тоқмағамбетов. 1943 жылғы қаңтарда майданнан арнайы шығармашылық іссапардан оралған бетінде бір айдай аялдап, мұнайшылар өмірімен танысады, Гурьев халқымен кездеседі. Атақты «Мұнай бер!» патриоттық поэмасы да – сол күндердің жемісі. Маманға зәру сол кезде Асқар ақын облыстық «Социалистік құрылыс» (қазіргі «Атырау») газетіне өткір сын мақалаларын жариялап, бірнеше санына редактор ретінде қол қойған.

Сондықтан, шығармашылық байланыстың нәзік тіні ешқашан үзілмек емес. Ұжым мүшелеріне зор денсаулық, отбасы амандығы мен шығармашылық табыс тілеймін. Мерейтой құтты болсын!

Назарбек ҚОСШИЕВ,
облыстық «Атырау» қоғамдық-саяси газетінің бас редакторы,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі

/// БӘРЕКЕЛДІ!



«ТҰМАР» СЫЙЛЫҒЫ – АЙМАҚ ТЕЛЕАРНАСЫНДА

Бұқаралық ақпарат құралдары қызметкерлері күнінде сырбойылық шығармашылық өкілдері тағы бір қуанышқа кенелді.

Кеше, 28 маусым күні Астана қаласында өткен «Тұмар» ұлттық телевизиялық бәйгесінде облыстық «Quzylogda» телеарнасының «Құдайы қонақ» бағдарламасы жүлде иеленді. Бағдарлама «Үздік әлеу-

меттік жоба» аталымы бойынша «Тұмар» жүлдесіне лайық деп танылды.

Шығармашылық ұжымды құттықтауында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев: «Қа-сіби қоғамдастықтың бағалауы арқылы анықталатын

үздіктер қатарында «Quzylogda» телеарнасының болуы – өңір журналистикасының жарқын жетістігі.

Ауыл-аймақтың тыныс-тіршілігін көрсету, мемлекет тарапынан жасалған қолдауды насихаттауды көздейтін бағдарламаның басқалардан озық шығуы – шығармашылық ұжымның ерен еңбегі» деп жазды әлеуметтік желіде.





Құрметті «Сыр бойы» газетінің ұжымы!

Сіздерді басылымның 95 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!
Бүгінде егемен еліміздің жетістіктерін насихаттап, отандық ақпарат саласының дамуына өзіндік үлесін қосып, ұлт руханиятының жадында алтын әріптермен жазылған «Сыр бойы» – Сыр журналистикасының бастау бұлағы.

Тарихы 1929 жылдан басталатын шежірелі басылым аймақтың мәселелерін тереңнен қозғап қана қоймай, елдік деңгейдегі өзекті дүниелерге үн қосуда. Облыстың айнасына айналған газеттің қай нөмірін алсаңыз да, одан өңірдің келбеті мен тыныс-тіршілігінің лебі есіп тұрады.

Өзінің даңғыл жолында айнымас дәстүрі бар облыстың бас газеті қазір Тәуелсіз Қазақстанның нағыз жанашырына айналса, ол бір күннің ісі емес. Оның артында қаниама еңбек, қаниама маңдай тер бар. Бұл – еңбек пен білімді ұрпақтар сабақтастығына айналдыра білген бірнеше буынның ортақ жетістігі. Газет ұжымы қажет жерінде азысқа қарсы жүзіп, ылғи да облыс тұрғындарының мұң-мұқтажын жоқтап, олардың әлеуметтік мәселелерін батыл көтере білді. Осы қам-қарекеттің арқасында оқырманы көбеймесе, азаймады. Нәтижесінде өзінің тұрақты оқырманын қалыптастыру арқылы қоғамнан орнын ойып тұрып алатын басылымға айналды.

Осы ретте аймақ экономикасын, халықтың әл-ауқатын, бүгінгі мен ертеңін ұштастырып, халық пен биліктің арасында алтын көпір болуда шығармашылық ұжымның еңбегі зор. Оны біз бағалаймыз, құрметтейміз.

Алдағы уақытта да қоғамдағы мәселені, тың жаңалықтарды жұртшылыққа шынайы жеткізіп, мемлекетіміз жүктеген міндеттерді насихаттауда, ұлттық құндылықтарды дәріптеу жолында талмай, қажырлы еңбек ете беріңіздер!

Ұжымға шығармашылық табыс тілеймін, қаламдарыңыз мұқалмасын!

Серік ҚОЖАНИЯЗОВ,
Қызылорда қаласының әкімі

Құрметті «Сыр бойы» газетінің ұжымы!

Сіздерді өңірдің ата басылымы «Сыр бойы» газетінің 95 жылдығымен құттықтаймын!
Ғасырға жуық тарихында халықтың мұңын, әлеуметтік мәселесін батыл көтерумен қатар, өңірдің өткенін, бүгінгі мен келешегін боямасыз жазып келеді. Арал ауданының ахуалы мен айдынды теңізінің тағдырын әлем жұртшылығына жеткізудегі үлесі орасан.

Сырбойлық еңбек адамдарының ел ырысын молайту жолындағы тынымсыз тірлігін оқырманға жеткізіп, облыстың жасампаз шежіресін жазуда іргелі қарашаңырақтың қызметкерлері өлшеусіз еңбек сіңірді. Майданы берік, мазмұны бай саладағы қажырлы қызмет мемлекеттік идеологияның жүйелі жүргізілуіне сеп болды.

Ұжымның бүгінгі құрамы – дәстүрлі журналистика мен жаңа медианы жетік меңгерген дарынды қыз-жігіттер. Бағындырар биіктері, алар асулары алда тұрған мықты қаламгерлер.

Тоқсанның төріне көтерілген облыстық «Сыр бойы» газетінің ұжымына, журналистерге шығармашылық шабыт, еңбектеріне табыс тілеймін!

Аймақ абыройын асырып, ел мерейін өрістету жолында қаламдарыңыз қарымды болғай!

Газет ұжымы асырған ғасырға ұлассын!

Аманжол ОҢҒАРБАЕВ,
Арал ауданының әкімі

Құрметті «Сыр бойы» газетінің ұжымы!

Сіздерді мерейлі мерекелеріңіз – облыстық «Сыр бойы» газетінің 95 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

«Сыр бойы» газеті – еліміздегі өзіндік тарихы бар, бағыт-бағдары айқындалған, қалың оқырманы қалыптасқан беделді басылымдардың бірі.

Қасиетті Сыр елінің жасампаз істерге толы шежіресін жазуда «Сыр бойы» газеті зор еңбек сіңіріп келеді. Басылым қай кезеңде қызмет етсе де уақыттың өз талабына сай өңірдің толымды өзгерістерін наш етіп, өлкенің жылынасын жасауға сүбелі қосуда.

Ақпарат айдынында өзіндік жолын қалыптастырған «Сыр бойы» газеті еліміздегі болып жатқан өзгерістерді тұрғындарға кеңінен түсіндіріп, халық пен билік арасын байланыстыратын алтын көпірге айналып отыр. «Газет – халықтың көзі, тілі һәм құлағы» деп айтқан ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының қағидасына сүйенсек, тоқсан бес жылдық тарихы бар газет ұжымының ел игілігі жолында атқарған еңбегі өлшеусіз.

Басылымның әрбір нөмірі оқырмандарымызды рухани байлыққа, адамгершілікке, имандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеуімен жұртшылық қауымының көңілінен шығып келеді. Осы жолдағы жемісті еңбектеріңіз еселене түсіп, алдағы уақытта да алар асуларыңыз бен бағындырар биіктеріңіз көп болсын!

Газеттің 95 жылдық мерекесімен тағы да құттықтай отырып, шығармашылық табыс, отбасыларыңызға амандық тілеймін!

Мейрамбек ШЕРМАҒАНБЕТ,
Қазалы ауданының әкімі

Құрметті «Сыр бойы» газетінің ұжымы!

Қадірлі қаламгерлер! Алаштың анасы атанған Сыр елінің бас басылымы – «Сыр бойы» газетінің ұжымын 95 жылдық мерейлі белесімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл – бір ұжымға ғана емес, бүкіл Сыр еліне ортақ қуаныш.

«Сыр бойы» газеті әуел бастан ұлттық мүддені, елдік мұратты насихаттады. Облыстың бас газетінің кемеліне келіп, қазақ баспасөзінің іргелі басылымдарының біріне айналуына Әуелбек Қоңыратбаев, Асқар Тоқмағамбетов, Батырғали Халықұлы, Жиенғали Тілепбергенов және басқа да аға буын өкілдері зор еңбек сіңірді. Одан кейінгі жылдарда Қ.Қауымбаев, М.Сәтбаев, Т.Елемесов, Б.Сарбасов, С.Сейітов, Ж.Қонақбаев, Х.Сыздықов, З.Жарқынбаев, Ұ.Бағаев, Қ.Әбенов, Н.Уәлиұлы, Ә.Рахымбекұлы, Ж.Рахматулла сынды алдыңғы толқын ағалардың өлшеусіз қызметін айтпай кете алмаймыз.

Кеңес заманында атауы «Ленин туы», «Ленин жолы» болып өзгеріп, сол заманда ана тіліміз бен ұлттық санамызды сақтауға, елдігімізді нығайтуға өлшеусіз үлес қосты. Соның нәтижесінде асырлық шежіресі бар басылым шаңырағында кәсіби шығармашылық мектеп қалыптасты. Шеберлік шыңдаған жүздеген журналистің қастерлі шеберханасына айналды. Газеттің сарғайған беттерінде қазақ журналистикасы жүйіріктерінің, ақиық ақындар мен көрнекті жазушылардың қаламының ізі қалды.

Еліміз тәуелсіздік алған жсылы өзінің ең алғашқы «Сыр бойы» тарихи атауымен қайта қауышып, өңірдің тыныс-тіршілігін кеңінен қамтып, қазақ қоғамы үшін өзекті тақырыптарға терең бойлады.

«Сыр бойы» газетінің қазіргі бағыты да осындай. Қоғамдағы түрлі мәселелерді назардан тыс қалдырмай, келеңсіздіктерді шешуде белсенділік танытып келеді. Аймақ ақпараттарын жұртқа жеткізуде, өңірде атқарылып жатқан жұмыстардың мән-маңызын халыққа түсіндіруде газеттің көтерген жүгі ауыр.

Әрине, журналистің ең асыл қазынасы – қалам. Сол қалам мұқалмасын, шабыт шалқи түссін, шығармашылық шыңдала берсін! Тоқсан бес жылдық тойдың табысы мол болғай!

Жандос ЕРКІНБЕК,
Қармақты ауданының әкімі

Құрметті «Сыр бойы» газетінің ұжымы!

Сіздерді газеттің 95 жылдық мерейлі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!
Осынау уақыт аралығында аймақтық басылым дәуір жүгін арқалап, халықпен бірге жасап келеді. Газеттің алашқы нөмірі 1929 жылы шілде айынан «Сыр бойы» деген атаумен шыға бастаса, кейін заман ағымына қарай «Ленин туы», «Ленин жолы» аталып, аймақтың ақпарат тынысына айналды.

Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін бұрынғы «Сыр бойы» атауымен шығып келеді. Дәуір тынысы, елдің саяси бағыт-бағдары қалай өзгерсе де, газет өзіндік бет-бетінісін сақтап, елге мүлтіксіз қызмет етуде.

Тереңнен тамыр тартқан басылым өзінің ғасырға жуық тарихында аймағымыздың басты идеологиялық құралы ретінде елдің тәрбиешісі, қамқоршысы бола білді. Аймақтың ата басылымында талай тау тұлғалы марғасқа азаматтар, аталарымыз бен әкелеріміз еңбек етті. Газет қабырғасынан тәрбиеленіп шыққан талай жампоздар кейін елімізге белгілі қайраткер тұлғаларға айналды.

Аймақтың ата басылымы бұл күнде жаңа толқынмен толықты. Уақыт талабына сай қызметі де жаңа технологияларға негізделіп, аймақтың айнасына айналып отыр. Бүгінде аға басылымнан қанаты қатайып, қалам ұстап жүрген жастарымыз да көбейіп келеді.

Ата басылымның 95 жылдық мерейтойы – аймақ халқы үшін мән-маңызы ерекше мереке. Газет ұжымын мерейлі мерекесімен құттықтай отырып, алдағы уақытта шалқар табыстар тілеймін!

Ардақ ИБРАИМОВ,
Жалағаш ауданының әкімі

Құрметті «Сыр бойы» газетінің ұжымы!

Сіздерді аймақтың аға басылымының 95 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын!

Ғасырға жуық тарихында талай ұрпақты тәрбиелеген басылым – өңірдің жарқын жылнамасы. Сонау 1929 жылдың 1 шілдесінде «Сыр бойы» деген атаумен жарық көрген газет қай кезеңде де қалың жұртшылықтың сырласы болды.

Өткен дәуір дерегін таңбалаған басылым бүгінге дейін мемлекеттік-ақпараттық саясаттың салмақты жүгін арқалап келеді. Осы газетте шыңдалған журналистер күллі республикаға танымал қаламгерлерге айналды. Өзінің 95 жылдық тарихында қай жасынан алғанда да толысып шыңдалған газет бүгінгі тәуелсіз еліміздің, аймақтың даму диалогын көрсетуде елдікті, теңдікті, бірлікті насихаттауда аға басылым ретіндегі биік деңгейінен түспейді деп сенемін.

Журналист – мәдениетті, өнегелі, зиялы тұлға. Сондықтан, редакцияда талай жыл еңбек еткен аға-аналарының ізін басқан бүгінгі жас журналистеріміздің алдыңғы аға буынның салған сара жолынан тайынбай еңбек ететініне еш күмән жоқ. Қасиетті мекеннің барлық тыныс-тіршілігінен, арғы-бергі тарихынан, бүгінгі келбетінен бұқараға шынайы ақпарат беріп отырған өңір жылнамасының өрлеу жолдарында редакция ардагерлерінің де еселі еңбегі, айырықша қолтаңбасы жатыр. Сіздердің қаламдарыңыздан туған әрбір мақала, түйткілді мәселе оқырманға ой салмай кеткен емес.

Сыр журналистикасының қарашаңырағы саналатын газет редакциясы бүгінде заманауи медиа кеңістіктің талабына сай жұмыс жасап келеді.

Облыстық басылымның еліміздегі баспасөз саласында өзіндік орны қалыптасқан. Қызылорда өңірінің әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси, рухани-мәдени дамуын ғасырға жуық тарихы бар газет ұжымы ұдайы ақпараттандырып келеді.

Сонымен қатар, Сырария ауданындағы жағымды жаңалықтар әркез басылым бетінде жарияланып, сол арқылы атқарып жатқан жұмыстарымызға халық лайықты бааасын беруде.

Бүгінгідей ақпарат дәуірінде замана көшінен қалмай, жылдам ақпарат тарату ісінде газет қызметкерлері кәсіби шеберлік танытуда. Сол арқылы еліміздің баспасөз саласында облыстық басылымның шоқтығы биік.

Сіздерді 95 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, шалқар шабыт, шығармашылық табыс тілеймін!

Берік СӨРМЕНБАЕВ,
Сырдария ауданының әкімі

Құрметті «Сыр бойы» газетінің ұжымы, қадірлі қаламгерлер!

Сыр өңірінің шежіресін тасқа басып, 95 жылдан бері оқырмандардың көңілінен шығып келе жатқан сіздерді ата басылымның мерейтойымен Шилелі ауданының халқы атынан шын жүректен құттықтаймын!

«Сыр бойы» газетінің 95 жылдығы – бір басылымның ғана емес, облыс жұртшылығының ортақ мерекесі. «Қаламның ұшында найзаның сусы бар» деген халқымызда қанатты сөз бар. Сондықтан да қарымды қаламгерлер мен білікті, тәжірибелі мамандардың әрбір еңбегі, туындысы, шығармасы – ескеруге тұрарлық дүние.

Ақпаратты халыққа жедел әрі шынайы жеткізіп, Тәуелсіз еліміздің мемлекеттік саясатын қалың оқырман арасында байыппен насихаттап, ел шежіресін қағазға қатпаған басылымның беделі әройайым биік болатыны – ықылым заманнан дәлелденген шындық.

Сіздер қарулы қаламдарыңызды жандарыңызға серік етіп, өздеріңіздің мамандықтарыңызға адалдық танытып, қалың елдің мүддесі үшін аянбай қызмет атқарып келесіздер.

Облыс баспасөзінің қарашаңырағы «Сыр бойы» газеті – оқырмандардың шексіз ризашылығына бөленген басылым. Қазіргі уақытта аймағымыздағы таралымы ең көп газет болып есептеледі.

Осы жолда бүкіл елді өзінің соңынан ерте алатын, болашаққа дұрыс бағдар бере білетін үгіт-насихат құралы шын мәнінде бұқара халықтың рухани сенімді ақылшысы да бола алды. Баспасөздің құдіреттілігі де осында.

Сондықтан бізді күнбе-күн халықпен жүздестіріп, аймақ экономикасына, әлеуметтік дамуына қалам қаруының күшімен үлес қосып, тарихи өмірімізді, мәдени тұрмысымызды әлеуметке жан-жақты көрсетіп, тіршілігіміздің деңгейін айқындап отырған сіздерге ерекше ризашылығымызды білдіріміз келеді.

Қадірлі газет ұжымы!
Мерейтойларыңыз тағы да құтты болсын! Жазарларыңыз көп, қаламдарыңыз қуатты, сөздеріңіз өтімді, еңбектеріңіз жемісті болғай!

Сіздерге шабыт пен шығармашылық табыс, жарқын болашақ тілеймін!

Нұржан АХАТОВ,
Шилелі ауданының әкімі

Құрметті «Сыр бойы» газеті редакциясының ұжымы!

1 шілде – Алаштың анасы атанған Сырмен аттас, қойнауына қанаттана қонған қалың елімен мұраттас, үні де, мұңы да бір мерзімді басылым – «Сыр бойы» газетінің туған күні. Бүгінде байырғы басылымның бәсі басым, ойы озық, деңгейі биік болуы – тамыры тереңге тартқан сырлы шежірені саналарда жаңғыртқан сабақтастықтың нәтижесі. Осы үрдісті ұлықтаған шығармашылық ұжымның мақсат-міндеті төмендеген емес. Бұл бағытта қандай тақырыпта қалам тартса да, нақтылық принциптерге негізделген әділ сөз, әлеуметті ұстаныммен толықтай сақтап келеді.

Алаш жарық көрген күннен бастап әлеуметке жақсылықтың жаршысы болып келе жатқан төл басылым ақпараттық қана емес, аартушылық та миссиясынан жаңылмай келе жатқаны әмбеге аян.

Облыстық төл басылым Жаңақорған ауданының экономикалық жай-күйін жете зерделеп, өлкедегі өркенді өзгерістерді жеткізіп келеді. Ауыл тіршілігіне тұрақты айдарлар ашып, еңбек адамы құқының әділ де тиімді қорғалуын басты назарда ұстайды.

Жаңақорған ауданының өндіріс орындарының тыныс-тіршілігін боямасыз жеткізіп, ондағы азаматтардың еселі еңбегін айна-қатесіз көрсетіп келеді. Негізінен аграрлы салаға бейімделген ауданда республикаға танымал қаниама Еңбек Ері шықты. Серпілістердің мазмұнын сипаттайтын осындай жетістіктер шежіресі «Сыр бойы» газетінің сарайдан парақтарынан табуға болады.

1991 жылы «Сыр бойы» атауына қауышып, табиғатын тапқан төл басылым идеологияның басты бағыты егемендікті баянды етуде рухани тірек бола алды. Халықтың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған жаңа әлеуметтік саясат журналистер назарынан түскен емес. Инновациялық дамудың жаңа мүмкіндіктері де жеті сараланады.

Халықтың көкейінде жүрген арман-тілегін тыңдап, алдағы күнге тағылымды тақырып, тың идея, мазмұнды мәселелерді таразылай білген журналист қауымға жазарларыңыз таусыл-масын демекпіз. Ата басылымының беделі биік, тұғыры бекем болуына тілектеспіз!

Мәжит САМИТОВ,
Жаңақорған ауданының әкімі



Биыл Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газетінің жарыққа шыға бастағанына 95 жыл толды. Ғасырға қадам басқан басылымның өзіндік тарихы, жүріп өткен жолы, жеткен жетістіктері мен бағындырған белестері туралы оқырман қауымға тарқатып айтқымыз келеді.

ҒАСЫРҒА БІР ҚАДАМ

Алғашқы қадам

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Сыр бойы қазақтарына «Дала уалаяты», «Қазақ газеті», «Ай-қап», «Қазақстан», «Сарыарқа», «Абай», «Бірлік туы» тәрізді газет-журналдар аз да болса тарап тұрды. Бұл газеттердің көпшілігі Қазан революциясына байланысты жабылды. Төңкерістен кейін шыққан 12 газеттің тек екеуі ғана қазақ тілінде жарық көрді. Азамат соғысы жылдарында, онан кейінгі кезеңдерде шыққан басылымдардан төменгі Сыр бойына көбірек тарағандары «Еңбекші қазақ» (қазіргі «Егемен Қазақстан»), «Степная правда» (қазіргі «Қазақстанская правда»), «Ақжол» газеттері болды. Кейінірек Қазақстан астанасының Орынбордан Қызылордаға көшуі Сыр өлкесінің мәдени өміріне үлкен серпіліс ала келді, бұқара халық мәдени жағынан қарыштап алға басты.

1925 жылдың жазында барлық республикалық газеттер жаңа астана – Қызылордаға көшірілді. Осы жылдары өз жұмысын Қызылордада жалғастырған «Жас кайрат», «Лениншіл жас», «Қызыл Қазақстан», «Жаңа мектеп» және «Еңбекші қазақ», «Ақжол» сияқты басылымдарда көркем шығармалар, қазақ тарихына, оның ішінде Сыр өңіріне қатысты зерттеулер мен дерегі мол мақалалар жиі басылып тұрды.

1929 жылы осы басылымдардың қатарын «Сыр бойы» газеті толықтырып, Қызылордада өлкелік партия комитеті мен кәсіподақ кеңесінің органы болып жұмыс жасады. Газеттің шығу тарихына байланысты түрлі пікір қалыптасқан. Дегенмен, газеттің редакторы болған Нұрділдә Уәлиұлы қазақ басылымдарын зерттеу барысында газеттің бірінші санын тауып, ғылыми негізде дәлелдеген.

Оның бұл табысы өзінің шығу тарихын 1938 жылмен байланыстырған басылымның құрамын кейінге шегерді. Ақын, журналист, газеттің редакторы болған Әскербек Рахымбекұлы «Сыр бойының сырласы» атты мақаласында бұл жаңалықтың үлкен ізденіспен келгенін айтады. Сондай-ақ жазушы-журналист Айжарық Сәдібекұлы да «Менің университетім» деген мақаласында газеттің шығу та-



рылысы, ауылдық кеңестердегі жұмысшылар және несиені, ауыл шаруашылығын көтеру жолдары, спиртті ішімдіктерді сатудың ережесі, сондай-ақ әйелдер тұрмысын түзеп, оларды кеңес жұмысына тарту мәселелері газет бетінен түспей келген. Сондай-ақ «Сыр бойы» – ауыл шаруашылығын социалдық негізге құруға басылым қылсын, қалың еңбекшілер арасынан қалам қайраткерлерін шығарсын» деген ұранмен жарық көре бастады.

публикаға сол кездің өзінде танымал болған ақын, жазушылар, журналистер жұмыс істеген.

1938 жылы облыс құрылғаннан кейін 22 наурыздан бастап «Ленин туы» облыстық «Ленин жолы» газеті деп аталды. Бұрынғы атауы Сырдария ауданының ұйымдастырылуына орай аудандық газетке берілді. Бас-аяғы 10 жылға таяу уақыт ішінде газеттің 785 нөмірі жарық көріпті. Бұл шақта газет өз беттерінде айдыңды Арал мен карт Қаратау, Қарақұм мен Қызылқұм арасын ең жайлаған халықтың өміріне,

рихын нақтылаған Н.Уәлиұлы, әрі ол 1929 жылдан бастап шықты деп көрсетеді.

Хош, сонымен «Сыр бойы» газеті 1929 жылдың I шілдесінен бастап жарық көрді. Облыстың ұлттық-танымдық-саяси басылымының алғашқы саны әдепкіде Қызылорда аудандық партия, кеңес комитеттерінің және кәсіподақ бюросының органы болды. Әйтсе де, ол Жаңақорған, Қармақшы, Қазалы аудандарынан да хабарлар беріп тұрды.

«Сыр бойының» алғашқы нөмірлерінен-ақ бұқараның құлағы һәм тілі болғанын аңғарамыз. Паракорлыққа қарсы күрес, Қызылорда округінде мектептер мен ауруханалар құ-

Арада 3 жыл өткеннен кейін, 1932 жылы басылым аты «Ленин туы» болып өзгертілді. Осы жылдың ортасына дейін газет араб және латын қарпітерімен аралас теріліп шығып тұрған. Ол алғашқыда айына екі рет шығып, «Правданың» жарғы форматымен 4 бет болып басылып, 2 мың данадан астам тиражбен таратылған. Атауы өзгергенмен, газет бұрынғысынша ауданаралық бола отырып, колхоз құрылысын нығайтуға күш салды. Сауатсыздықты жоюға, халықтың рухани өсуіне дәнекер болды. Редакцияда әр кезде жаңа қалыптаса бастаған жас талапкерлермен қатар, рес-

х а л - а х у а л ы н а , мәдениет және әдебиет мәселелеріне, халықты жаппай сауаттандыруға айрықша көңіл бөлді. Нартай, Әлібек, Қуаныш, Төлебай, Ысқақ, Аппаз, Бейсембай секілді Сыр бойының әнші-жыршы, ақындары өз облысының дархан даласының байлығын, жерлерінің қаншақандық істерін жаспасөз бетінде шабытпен жырласа, С.Мәуленов, А.Жұмағалиев, С.Адамбеков, М.Киікбаев, т.б. қаламгерлер осы газет арқылы жұртшылыққа танылды.

Бұл жылы жарық көрген «Ленин жолы» латын қарпімен жазылды. Осы кезеңде газеттің таралымы 6390 данаға жеткен екен. Уақыт безбенімен өлшегенде жоғары көрсеткіш. Газеттің жылдық жазылымы 30 сом болса, жеке нөмірі 10 тиыннан сатылған. 1939 жылы газет жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Басылымға жоғары білімді мамандар тұрақтала бастады. З.Жарқынбаев, Б.Әлменов, Ж.Құлмбетов, т.б. қаламы жүйрік журналистер қызметке келіп, шабыттарын шындай бастаған кез осы тұс болатын.

Қалыптасу кезеңдері

Бүгінде «Аймақ аттас ата басылым» деген анықтамалық атауға берік бекінген облыс баспасөзінің қарашаңырағы

– барлық бедерлі белестен өтіп, Сыр өлкесінің тыныс-тіршілігінің тамыр бүлкілін тап басып келеді. Шын мәнінде аймақ өмірінің айнасы және замана ағымына ілескен шегенді шежіресі болған басылымның әрбір нөмірінен облыстың келбеті мен қайнаған өмірінің лебі білініп тұрады.

Жылдардың парағы қаншама алмасқанымен, «Сыр бойы» газеті өзінің оқырмандары алдындағы борышын дәйім адал өтеп отырды. Соның арқасында Ахмет Байтұрсынұлының бейнелі тілімен толғағанда «халықтың көзі, тілі һәм құлағы» болып қала берді.

Тіпті соғыс жылдарында да басылымның әрбір нөмірі еңбек етуге шақырған ұрандармен шығып тұрды. Жастарға әскери-патриоттық тәрбие беруге, ерлікке баулуға ерекше көңіл аударды.

Осындай қажырлы еңбектің арқасында газет 1977 жылы КСРО Журналистер одағының құрметті дипломы және ақшалай сыйлығымен марапатталды. 1979 жылы 50 жылдық мерейтойына орай КСРО Жоғарғы кеңесі төралқасының Жарлығымен жоғары мемлекеттік награда – «Құрмет белгісі» ордені иеленді. Сондай-ақ 1983 жылы «Ленин жолы» газеті социалистік жарысты ақпараттандыру үздігін анықтайтын бүкілодақтық конкурсы жеңімпазы ретінде Мәскеудегі Бүкілодақтық халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіне үлгі ретінде қойылды.

Бұл газеттің құндылығы артып, оқырманға берер дүниесінің көбейе түскенін, беделінің күшейгенін білдірсе керек.

«Сыр бойы» – Сыр елінің тарихы

Тәуелсіздіктің туы тігілген 1991 жылы ата басылым жаңа жолға түсті. Сол тұста уақыттың талабына орай шұғыл түрде газеттің атауын өзгерту міндеті алға қойылды. 1991 жылы 14 қыркүйекте «Газет атын оқырманға қояды» деген айдармен «Менің айтар ұсынысым...» тақырыбында бірнеше оқырман пікірі жарық көрді. Солардың қатарынан үзінді келтірейік:

З.Жарқынбаев, газеттің бұрынғы редакторы: «Мен газеттің атын «Сыр шамшырағы» немесе «Сыр елі» болып аталса деген ойдамын».

зеті өзінің 70 жылдық мерейтойын тойлады. Бұл жылы газет бетінде еңбек адамдары, әулие, батыр тұлғаларға айрықша басылым берілді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарымен салыстырғанда, 2005-2006 жылдардағы газет материалдарының сапалық тұрғыдан жақсарғанын аңғару қиын емес. Бұл кезеңде оқырман қатарының да артқаны байқалады. Тақырыптар қозғау жағында да өзгерістер орын алған. Жастар саясаты, әлеуметтік мәселелер, саммиттер, бағаны тұрақтандыру бағыттары талқыланып отырды. Сұхбат жанры кеңінен өріс алды. Қаламгерлердің жазу стилі де жаңа бағытқа бет бұрды, сапасы да жақсарды. Осындай оң өзгерістердің арқасында 2005 жылы «Сыр бойы» газеті Қазақстан Журналистер академиясының ең мәртебелі жалпыұлттық журналистік сыйлығы «Алтын жұлдыз» белгісімен марапатталып, «Үздік аймақтық газет» номинациясын иеленді. Сондай-ақ бұл жылдағы «Сыр бойының» ең басты жетістігі – ҚР Президентінің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы грантын жеңіп алуы.

2009 жылы «Сыр бойы» газетінің редакциясына келген тағы бір жаңалық – жылдың басында газеттің мәртебесі өзгерді. Сол кездегі облыс басылымының қолдауы мен басылым жасауының арқасында басылым ұжымының негізгі статусы анықталып, қазіргі заманның басқару жүйесіне қошты. Осы жылдан бастап ол «Облыстық «Сыр бойы» газеті редакциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын болып атала бастады.

Халықтың өмірінде жаңалық жарысы болған басылым 2010 жылы аймақтың бұқаралық ақпарат құралдарын біріктірген «Сыр медиа» ЖШС құрамына кірді.

Жыл сайын басылым жаңа айдарлар, жас қаламгерлермен толығынана қоймай, жаңа жетістіктерге де қол жеткізуде. Оған дәлел, өткен жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрінің, «Медиа дамыту қоры» корпоративтік қорының ұйымдастыруымен баспа, радио, интернет-журналистика саласын қамтитын «URKER – 2023» ұлттық бәйгесінен «Үздік өңірлік БАҚ» номинациясы бойынша жеңімпаз атануы. Бұл жетістіктің артында ұжымның

Б.Досмамбетов, Қызылорда пединституты ректорының міндетін атқарушы: «Газет бұрынғы атауы «Сыр бойына» қайта оралғаны жөн.

Е.Несіпбаев, облыстық агроөнеркәсіп бірлестігінің қызметкері: «Ақмешіт таңы» деп атасақ қайтеді».

Міне, осы тектес оқырман хаттары көптеп саналады. Алайда көпшілігі дені газеттің байырғы атауы «Сыр бойын» лайық деп санаған.

Осылайша газет оқырмандары тарапынан көп дауыс алған «Сыр бойы» атауын газетке беру жөнінде шешім қабылданады. Сөйтіп, газет 1991 жылдың 24 қыркүйегінен бастап «Сыр бойы» деген атпен шыға бастайды. 1938 жылдан 1991 жылға дейін «Ленин жолы» аталып келіп, аймақтың ақпарат тынысына айналған басылым еліміз тәуелсіздік алып, тарихи атаулар қайта қалпына келе бастаған шақта, өзінің ежелгі атауымен қайта қауышты. Уақыт ағымына орай басылымның келбеті мен шығу жиілігі үнемі өзгеріске түсіп отырды.

1999 жылы «Сыр бойы» га-

үлкен ізденісі, ауызбіршілігі мен қажырлы еңбегі тұр.

Қалай десек те, газет өзінің бет-бейнесін жоғалтқан жоқ. Себебі, мерзімді басылым – ұлт рухын оятатын, халықты парасат пен мәдениетке, білім мен ғылымға, өркениет пен өнерге тәрбиелей алатын құрал. Технология қарыштап дамыған, минут санап мыңдаған автоматты бұйым шығатын қарбалас заманда басылымның беделі айқындала түсті. Ғаламтор бетіндегі асығыс ақпараттардың ақ-қарасын оқырман газеттен табатын болды. Солардың қатарында тарихы терең «Сыр бойы» газеті де шығармашылық еркіндігін бәрінен биік қояды. Ұлттың рухани тәуелсіздігін сездіру, халықты бірлік пен татулыққа шақыру «Сыр бойы» газетінің міндеті болып қала бермек.

Мейрамгүл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»




САЗАН, ҚАЗАН ЖӘНЕ ҚАЛАМ

/Басына БАҚ қонған ауыл/

Біздің ауыл... Теңіз қолтығына тығылған кәдімгі Қаратерен. Байырғы балықшылар мекені. Өкелеріміз әуелден сазан ұстады. Шешелеріміз қашаннан қазан ұстады. Солардан туған, ертелі-кеш балық жеп, шөбіре шөпшіп өскен балалар қалам ұстады. Құт қонған Қаратеренде екінші бірі өлең жазды. Балдар да, шалдар да... Сол өлеңнің бәрінде өмір шындығы өріп жүреді. Адамдары шетінен айтқын. Баяғыда Аралға мұхит балықтарын жерсіндіруге әкелген кезде жап-жалпақ камбаланы көріп комсынған бір ағам: «Апым-ай ә, мынау бір теннис ойнауға таптырмайтын балық екен!» депті. Жер түбінен жол шегіп, қанғып келген камбаланы атақты ақбалық пен маңқиған моңкенің қатарына қойғысы келмегені. Осындай қара сөзден қарма пісіріп, сорпа сапырған менің тілге жүйрік ауылдастарым қазақ журналистикасын ілгерілетуге кәдімгідей-ақ атсалысты.

Қаратереннің алғашқы журналисі – ұлт баспасөзінің патриаршы Шәкірат Дәрмағамбетов. Қазір Арал қаласында тұрады. Жасы жүзге жуықтап қалды.

Әлі тын. Қолынан қаламы түскен жоқ. Бүгінгі ақпарат саласының түрлі трендтерін жетік меңгерген ақсақал. Стилінен мін таппайсың. Жуырда Жанболат Аупбаев ағам қарт журналисті арнайы іздеп барып, сұхбаттасып қайтты. Одан соң Шәкірат ағаның туған інісі Шәкірат Дәрмағамбетов жазу өнерінде өзгеше соқпақ салды. Елге танымал еңселі басылымдарда қызмет істеді. Бұлардан кейін Бегімбай Ұзақбаев құлашын кең сілтеді. Тарихи романдар әлеміне еркін бойлады. Қаратереннің бүкіл баласы романтик боп жүргенде ол романист атанып, жүзден жүйрік шықты. Біздің ауылда өсіп-өнген Бибайша Алпысбаева деген журналист апайымыз бар. Қызылордада басылатын «Ақпарат. Кз» деген газетті басқарады. Қаратеренде кіндік қаны тамған тағы бір мойны озық оғланды атауға тиіспін. Ол – Ұлыбританияда оқып келген білікті маман, жілікті журналист Нұрбек Әмиша. Баяғы Байбарыс секілді Қаратереннен көшіп барып, Ақтөбенің ақпарат әлемін жаулап жүрген Талғат Ті-



леулесов деген пәрменді періміз тағы бар. Оны айтасын, осы ауылдың май топырағында аунап өскен кейінгі бірер бала-

лар ұлттық арнаның әлемнің алпауыт елдеріндегі меншікті тілшілері болып қызмет істеді. Қаратереннен өрген кәсіби жур-

налистердің саны жиырмаға жуықтайды. Тіпті одан да көп болуы мүмкін. Айтпақшы, бір заманда ауылымызда аудандық «Толқын» газетінің Аралбай Нарымбетов, Жылқайдар Әбдіреймов деген штаттан тыс тілшілері бар еді. Ол екеуінің абырой-беделі басылымның апаратындағы қызметкерлерден бір де кем емес-ті. Ара-тұра жазған дүниелері ірілі-ұсақты әкімқараларды тәлтіректетіп жіберетін. Мақала шыққан күннің ертеңіне ел-жұрт екеуін сабылып іздеп жүреді. Қаратереннің журналистері белгілі басылымдар мен танымал телеарналардың бәрінде дерлік жұмыс істеді. Ешқайсысы да жаман атын шығарған жоқ. Сөйтіп, бұл ауылға жазу қонған, БАҚ қонған. Тіпті менің айтымы да, қайтымы да тез кейбір мінезді ағаларымыз ет қызумен жоғары жаққа жазып жіберетін арыстарынан да бірде-бір грамматикалық қате таппай қиналасын.

Тегінде, біздің Қаратерен – ұшқыштары көп ауыл. Одан кейінгі танымал мамандары – осы журналистер. Ғалымдары да жеткілікті. Ол енді өз алдына бөлек әңгіме... Бүгінгі тақырып

– жазудың жайы, баспасөздің айналасы. Басқа сөзді қайтеміз... ***

Қарымды қаламгер Құрманғазы Қараманұлы ағамның бір кейіпкері «Менің асып бар жатқан алабөтен өнерім жоқ, тек осындай ойға түйгендерімді анда-санда дәптеріме жазып қоятыным болмаса...», – дейтін еді. Сол секілді біз де осы ауылдан шықтық. Қаратереннің мектебін бітірдік. Құм суырған құба жоннан сөз суырдық. Телегей теңізден ой ауладық, сөйлем құрап, өлең өрдік, жыр жаттадық. Сондықтан, ештеңе қана жазатынымыз бар... Таланттылары мен қанаттылары көп киелі мекеннен бізге де бірдене жұққан да...

Қаратереннің қолына қалам ұстаған бүкіл перзентін және бұқаралық ақпарат саласындағы барлық әріптестерімді кәсіби мерекемізбен құттықтаймын! «Ауытбектің Сауытбекке ноутбукпен жазған хатындай» сөзі сәйлі, жілігі майлы өткір дүниелеріңіз көбейе берсін!

Бауыржан ОМАРҰЛЫ

БАСПАХАНА: БҮГІНГІ ЖАҢАЛЫҚТЫ ТАРИХҚА АЙНАЛДЫРҒАН

Бұрын газет қалай басылды, қандай қиындықтар болды? Қазіргі жетістігі қандай?

– Журналистің міндеті – ақпаратты жедел түрде жазып беру. Онан кейінгі жұмысты дизайнерлер мен баспа мамандары жасайтындықтан оған көңіл аудармаймыз, яғни, таңертең жететін бір бума газет үшін баспаханадағылардың түнімен еңбектенетіні бізге беймәлім.

Сонымен, газеттің ой-қырдағы жүздеген авторлары мен тілшілері жазған хат-хабар әуелі редакция бөлімдерінде қорытылады. Бетке түседі, онан кейін баспаханаға жіберіліп жатады. Ол алдымен линотип машинасымен теріледі. Бұрынғыдай әріпті қолмен теру қазір келмеске кетті. Соңғы уақытта техниканың жедел дамуына сонышалық, осыдан 20-30 жыл бұрынғымен мүлдем салыстыруға келмейді. Компьютерлендірілген заманда барлығын ақылды техникалар іске асырады. Тек қажетті тетіктерді басып, рет-тілікті сақтап отырсаңыз болғаны.

Баспаханада 40 жылдан астам уақыт бойы еңбек еткен Бақыт Қайымов ертеректегі техникалармен газет шығарудың машақатының көп екенін айтады:

– «Сыр бойы» газетінің басылуына атсалысып жүргеніме 40 жылдан асыпты. Ол кезде бір басылымның нұсқасын дайындау үшін бір күн уақыт кететін. Қызметкерлер екі ауысыммен жұмыс жасайтынбыз. Әркімнің өз міндеті бар. Барлығын қолмен дайындаймыз. Бізде көбіне қыздар жұмыс жасады. Газеттің мәтіндерін арнайы аппаратпен терді. Ал екінші жағынан әріптер түсіп тұратын. Одан кейін оған металл құйылады. Толық дайын болғасын ғана баспаға жібереді. Алдын ала дайындаудың өзіне күнүзак жүретін едік. Бір құйма 18 келі болады. Кәдімгідей қажырлы еңбекті талап ететін. Бүгінгідей интернетпен жұмыс деген жоқ. Газеттің келесі номерін шығару үшін екінші ауысымдағы жұмысшылар келіп жатады. Алдыңғы пайдаланылған металды қайта ерітіп, жаңасын дайындайды, – дейді ол.

Түрлі техниканың зор мүмкіндігіне иек артып алған біздер үшін бір кездегі баспа жұмысы ертегідей көрінгені жасырын емес. Қағаз бетіндегі жазулар үшін, металл еріту жұмысы да таңғалдырмай қоймады. Тіпті, газет бетіне түсетін әріптерді, таңбаларды қолға ұстап, жинап жүретіндеріне қазіргілердің сенуі қиын-ау.

Ал 19 жасынан бастап баспа жұмысымен айналысқан, бүгінде «Ақмешіт апталығы» газетінің дизайнері болып жұмыс жасайтын Мира Рахметова қорғасынмен әріп құюдағы машақат пен газеттің шығу қызығын былай еске алады:

– Біз таңертең келгенде арнайы бөлінген мамандар линотипті қосып, қорғасын ерітіп, жұмысқа дайындап қояды. Жаңа құйылған әріптер оқығанда көзіне шағылысып, қорғасынға батырылып, ыстық күйінде гранкілерге (линотип машинасының бір бөлігі) жиналады. Соған қарап терген мақаланың



сөздерінен қате кетіп қалмады ма деп бір оқып аламыз да, келесі қатарды тереміз. Мақаланың әр қатарын теру біршама уақыт алатын. Оның да өзіне сай өлшемі болады. Ол өлшемді макет сызушының тапсырмасына сай аламыз. Әр мақаланың өлшеміне сай теріп береміз. Кей кездері машинаның қазанында балқыған қорғасын атқылап аяғымызды, қолымызды күйдіріп те алатынбыз. Машинкамен басылған сөздерді линотип клавиштарын басқанда латунаң жасалған әріптер машинаның мағазинінен (бұл да машинаның бір үлкен негізгі бөлігі) тартылауда төмен түсіп сөз болып өріледі. Кей кездері майда, көлемі жіңішке болып келетін үгір, нүкте, сұрақ белгісі сияқты тыныс белгілер мағазиннен түспей майысып қалып, жұмысқа кедергі келтіретін. Сол кезде жоғары жақтағы тепкішіне мініп, ұзын сыммен төбесінен әріптерді қозғап, майысқанын ұрғылап көп келтіреміз. Жөнге келген әріптер сартылдап төмен түсіп жұмыс жасауға ыңғайлы болатын. Ал қорғасынмен құйылған әріптермен жасалған газет макетінің гранкідегі салмағы 20 келіге жуықтайтын, – дейді ол.

Бүгінде бәрі басқа, газет шығару үшін көп адамның күші қажет емес. Дайындалған макетті әп-сәтте алып құрылғылар шығарып береді. Бастысы – газет редакциядан баспаханаға өтіп, машинадан түптеліп шығып, сұрыптаушылардың қолына тисе болғаны. Айтпа кету керек, 2010 жылы облыстық «Сыр бойы» мен «Қызылординские вести» газеттері («Сыр медиа») ЖШС-не бірікті. 2013 жылы мекеме Т.Жүргенов атындағы жаңа ғимаратқа көшіріліп, өз баспаханасына ие болды. Баспаханың ашылуы Сыр баспасөзіне серпіліс әкелді. Бұрын жеке баспаханада басылып жүрген жергілікті газеттер бір жерден шығару мүмкіндігіне ие болды.

Сол жылдан бері «Сыр медиа» серіктестігінде жаңа үлгідегі техноло-

гиямен қамтылған баспахана жұмыс жасайды. Қазіргі таңда онда 7 аудан, 1 қалалық және 3 облыстық газет басылады. Одан бөлек алыс-жақын аймақтардың газеттерін қосқанда 30-дан аса басылым осы баспаханада басылып, жер-жерге тарайды. Заманауи құрылғының жетістіктерін ескерсек, қазіргі таңда газет басу жұмысы әлдеқайда жеңілдеген.

– Газетті тегіс қырып, беттерін рет-ретімен орналастырып бектеу және оларды санап, пластик лентамен бума-бума етіп байлап жайғастыру рәсімімен біршама жеңілдеді. Бұрынғы кезде бұл тіріліктерге де күндіз уақытты арнауға тура келетін. Қырық адам жасайтын жұмысты қазір 11 адам атқарады. Жаңа құрылғылар арқылы газет әп-сәтте дайын болады. Мәселен, неміс технологиясымен дайындалған «CITYLINE EXPRESS» баспа станогының көмегі өте зор. Үндістаннан әкелінген қондырғы А2 және А3 форматтағы 40 беттік газетті, оның ішінде 16 бетін толық түрлі-түсті етіп, 1 сағатта 35 мың данамен шығара алады. Баспаханың газетке пайдаланылатын қағаздан бөлек, тығыздығы 65 мг-дық офсеттік ақ қағазбен басуға да мүмкіндігі бар, – деді Б.Қайымов.

Міне, басылымның шығуына атсалысып жатқан баспаханың бүгінгі тыныс-тіршілігі осындай.

Жалпы, жыл өткен сайын баспасөз саласының мамандары да газет-журнал сапасына мән беріп, жаңа технология дәуірінің мүмкіндіктерін басылым беттерінен көрсетуге тырысуда. Бұл баспахана қызметіне деген сұраныстың артқанын білдірсе керек. Өз кезегінде «Сыр медиа» ЖШС баспаханасы да бұл үледен шығатыны сөзсіз.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

«Қызылорда қаласының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі» КММ спорттық разрядтары мен санаттарын алу тәртібі

«Қызылорда қаласының дене тәрбиесі, спорт және туризм бөлімі» КММ- (бұдан әрі – бөлім) «2-разрядты спортшы, 3-разрядты спортшы, 1-жасөспірімдік разрядты спортшы, 2-жасөспірімдік разрядты спортшы, 3-жасөспірімдік разрядты спортшы спорттық разрядтарын және біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы-оқытушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы-оқытушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, спорт төрешісі біліктілік санаттарын беру» мемлекеттік қызмет түрлері көрсетіледі.

Спорттық разрядтары мен санаттарын беру мемлекеттік қызмет түрін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде тегін негізде алуға болады.

ХҚКО-ға көрсетілетін қызметті алушы (немесе сенімхат бойынша оның өкілі) жүргінін кезде мемлекеттік қызмет көрсетуге қажетті құжаттардың тізбесі:

1) «2-разрядты спортшы», «3-разрядты спортшы», «1-жасөспірімдік разрядты спортшы», «2-жасөспірімдік разрядты спортшы» «3-жасөспірімдік разрядты спортшы» спорттық разрядтарын беру туралы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін:

– көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат және (немесе) көрсетілетін қызметті алушының өкілі жүргінін кезде – жеке тұлғаның нотариалды куәландырылған сенімхаты (сәйкестендіру үшін);

– бастапқы спорттық ұйымның мөрімен және қолымен куәландырылған қолдау хаты; – спорт түрі бойынша облыс федерациясының мөрімен куәландырылған облыстық және (немесе) қалалық жарыстар, спорт түрі бойынша аккредиттелген облыс федерациясы болмаған жағдайда, облыстық дене шынықтыру және спорт жөніндегі атқарушы органның мөрімен куәландырылған жарыстар немесе аудандық, қалалық дене шынықтыру және спорт жөніндегі атқарушы органның мөрімен куәландырылған аудандық жарыстар хаттамаларының көшірмелері.

2) «біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы», «біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы-оқытушы», «біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы», «біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы-оқытушы» санаттарын беру туралы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін:

– көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат және (немесе) көрсетілетін қызметті алушының өкілі жүргінін кезде – жеке тұлғаның нотариалды куәландырылған сенімхаты (сәйкестендіру үшін);

– осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

– кәсіптік білімі туралы дипломның көшірмесі;

– жұмыс берушінің оны тоқтату күні мен негіздемесі туралы белгісі бар еңбек кітапшасының немесе еңбек шартының немесе еңбек шартын жасау және тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және тоқтатылуын растайтын жұмыс берушінің актісінен үзінді көшірме, немесе қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған мұрағаттық анықтама;

– осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жаттықтырушы, жаттықтырушы-оқытушының спортшыларды дайындауы туралы анықтамасы;

– спорт түрлері бойынша аккредиттелген жергілікті спорт федерациясының мөрімен куәландырылған, спорт түрі бойынша аккредиттелген жергілікті спорт федерациясы болмаған жағдайда, облыстық дене шынықтыру және спорт жөніндегі атқарушы органның мөрімен куәландырылған жарыстар хаттамаларының көшірмелері;

3) «біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер», «біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер» санаттарын беру туралы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін:

– көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат;

стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

– кәсіптік білімі туралы дипломның көшірмесі;

– жұмыс берушінің оны тоқтату күні мен негіздемесі туралы белгісі бар еңбек кітапшасының немесе еңбек шартының немесе еңбек шартын жасау және тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және тоқтатылуын растайтын жұмыс берушінің актісінен үзінді көшірме, немесе қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған мұрағаттық анықтама;

– көрсетілетін қызметті алушының өкілі жүргінін кезде жеке тұлғаның уәкілетті өкілінің жеке басын куәландыратын құжат және өкілдікке өкілеттілерді куәландыратын құжат;

4) «біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы спортшы» санаттын беру туралы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін:

– көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат және (немесе) көрсетілетін қызметті алушының өкілі жүргінін кезде – жеке тұлғаның нотариалды куәландырылған сенімхаты (сәйкестендіру үшін);

– осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

– білімі туралы дипломның көшірмесі;

– жұмыс берушінің оны тоқтату күні мен негіздемесі туралы белгісі бар еңбек кітапшасының немесе еңбек шартының немесе еңбек шартын жасау және тоқтату негізінде еңбек қатынастарының туындауын және тоқтатылуын растайтын жұмыс берушінің актісінен үзінді көшірме, немесе қызметкердің еңбек қызметі туралы мәліметтер қамтылған мұрағаттық анықтама;

– спорт түрі бойынша аккредиттелген жергілікті спорт федерациясының мөрімен куәландырылған, аккредиттелген жергілікті спорт федерациясы болмаған жағдайда нұсқаушы-спортшы құрамына кіретін ұйымның мөрімен куәландырылған санат беру туралы қолдау хаты;

5) «Спорт төрешісі» біліктілік санатын беру туралы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін:

– көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат және (немесе) көрсетілетін қызметті алушының өкілі жүргінін кезде – жеке тұлғаның нотариалды куәландырылған сенімхаты (сәйкестендіру үшін);

– осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

– қызмет берушінің төрешілік растайтын жарыс хаттамасының көшірмесі немесе төрешілік туралы анықтама.

Құжаттарды қабылдау «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация), «электрондық үкіметтің» веб-порталы www.egov.kz арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті қорсету нәтижесін беру Мемлекеттік корпорациясы арқылы жүзеге асырылады.

1) көрсетілетін қызметті берушіде - Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес (бұдан әрі - Кодекс) демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі мен жұма аралығын қоса алғанда сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс 13.00-ден 14.30-ға дейін;

2) Мемлекеттік корпорация - Кодекске сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі мен сенбі аралығын қоса алғанда белгіленген жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін;

3) порталда - жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндерінде, көрсетілетін қызметті алушы жүргінін кезде мемлекеттік қызметті қорсетуге өтініштерді қабылдау және оның нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).

Мемлекеттік қызметті қорсету орындарының мекен-жайлары Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің интернет-ресурсында: www.gov.kz/memleket/entities/sport «Қызметтер» бөлімінде орналастырылған.

ТУҒЫРЫ БЕРІК ТОҚСАН БЕС



Суреттерді түсірген
Болат Омаралиев, Нұрболат Нұржаубай



www.facebook.com/syrboyi_kz/

<https://twitter.com/syrboyi>

www.instagram.com/syrboyi_kz



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.